ҮКІМЕТ




**СМАРТ ЛОГИСТИКА ДӘУІРІ:**
Цифрлық трансформация картасы бекітілді
3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №110 (6672) 12 желтоқсан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ПРЕЗИДЕНТ

# ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

## Қазақстан мен Иран ықпалдастықты тереңдетуге уағдаласты

**Кеше, 11 желтоқсанда елімізге Иран Ислам Республикасының Президенті Масуд Пезешкиан ресми сапармен келді. Бұл оның Иран Президенті ретінде Қазақстанға жасаған алғашқы ресми сапары. Ақордада шетелдік мәртебелі мейманды қарсы алу рәсімінен кейін тараптар шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді.**



Шағын құрамдағы келіссөз кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Иранды жақын әрі бауырлас көрші, Орта Шығыстағы сенімді серіктес деп білетінін жеткізді. Президент өз сөзінде:

– *Қазақстан Иранды жақын әрі бауырлас көрші, Орта Шығыстағы сенімді серіктес деп біледі. Біз қашан да Иранға тілеулеспіз. Қиындықтарға қарамастан, қарым-қатынасты үзген жоқпыз. Қазақ-иран байланысының тамыры тереңде жатыр. Қос халықтың тарихы – ортақ, салт-дәстүрі мен мәдениеті – ұқсас. Ықпалдастығымыз ғасырлар бойы жалғасып келе жатыр. Қазақ елі әрдайым Иранды қолдайды, арамызда ешқандай түйткіл, иә болмаса, шешілмеген мәселе жоқ. Сондықтан екі ел арасындағы қарым-қатынастың келешегі зор,* – деп мәлімдеді.

2

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ

# МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕКЕ

## Алматыда желтоқсан айындағы патриоттық іс-шаралар бағдарламасы басталады

**Алматыда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мен Желтоқсан оқиғасының 39 жылдығына арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – жастар арасында патриоттық тәрбиені күшейту, ұлттық тарих пен елдің ерлікке толы маңызды кезеңдеріне деген құрметті қалыптастыру.**





16-17 желтоқсан қарсаңында мемлекеттік мекемелерде, қала кітапханалары мен білім беру ұйымдарында тақырыптық кездесулер, патриоттық және әдеби-музыкалық кештер, дөңгелек үстелдер, тарихи-танымдық сағаттар, дәрістер, әдеби оқулар және басқа да маңызды даталарға арналған іс-шаралар өтеді.

Осы күндері Республика алаңындағы Тәуелсіздік монументіне және «Тәуелсіздік таңы» ескерткішіне дәстүрлі гүл қою рәсімі ұйымдастырылады. Оған қала басшылығы, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, 1986 жылғы оқиғаға қатысушылар, этномәдени бірлестіктер өкілдері және жастар қатысады.

17 желтоқсанда қаланың барлық сегіз ауданында 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында қаза болғандарды еске алуға арналған ас беріледі. Бұдан бөлек, қала әкімдігі желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігін дәріптеуге және жастар арасында отансүйгіштік сезімін нығайтуға бағытталған төрт мемлекеттік әлеуметтік жобаны жүзеге асырып жатыр. Аталған жобалар аясында қайырымдылық акциялары, спорттық турнирлер, шығармашылық және патриоттық іс-шаралар, тақырыптық конференциялар мен байқаулар өткізу жоспарланған.

Бұл іс-шаралар тарихи жадты сақтау, Тәуелсіздік үшін күрескен буынның ерлігіне құрмет көрсету және осы құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізуге бағытталған.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:
@AQSHAMY_KZ
TikTok
@AQSHAM_NEWS
www.aqshamnews.kz

0 745178 614887 >

ПРЕЗИДЕНТ

# ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

## Қазақстан мен Иран ықпалдастықты тереңдетуге уағдаласты

*(Басы 1-бетте)*



(Дереккөз: akorda.kz).

Мемлекет басшысы кездесуде Қазақстан мен Иран арасында сауда-экономика саласындағы алыс-беріс жылдан жылға күшейіп келе жатқанына тоқталып, биылғы 10 айда көрсеткіш былтырғымен салыстырғанда, 40 пайызға артқанын алға тартты. Әрі осы жетістік қарқынын сақтап, өзара сауда көлемін ұлғайта түсу қажет екенін айтты.

Өз кезегінде Масуд Пезешкиан қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, осы сапар қорытындысы бойынша екіжақты байланыстар тың серпін алатынына сенім білдірді.

*– Тарихы терең, мәдениеті бай бауырлас, достас Қазақстанға келгеніме қуаныштымын. Көптеген бағытта ынтымақтастығымыз қарқынды түрде дамып келеді. Үкіметтеріміз нәтижелі жұмыс атқаруда. Саяси-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және қауіпсіздік салаларындағы ықпалдастықтың әлеуеті зор деп ойлаймын,* – деді Иран Президенті.

Жылы жүздесуден кейін Қазақстан мен Иран президенттері кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы келіссөз барысында Қазақстанның Каспий аймағындағы маңызды әрі сенімді серіктес ретінде Иранмен ықпалдастықты нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

*– Екі елдің дипломатиялық қатынас орнатқанына 33 жылдан асты. Осы кезеңде тығыз мемлекетаралық ынтымақтастыққа қол жеткіздік. Сындарлы саяси диалог құрдық. Үкіметаралық экономикалық комиссия белсенді жұмыс атқаруда. Парламентаралық байланыс жолға қойылды. Ауқымды шарттық-құқықтық негіз қалыптасты, елуден астам келісім жасалды. Халықаралық ұйымдар аясында ықпалдастығымыз жалғасып жатыр. Бұл дәстүрлі достық пен әріптестігіміздің айқын дәлелі екені сөзсіз,* – деді Президент.

Қос тараптың келіссөзінде сауда-экономика, инвестиция салаларындағы ықпалдастық перспективасы қарастырылды. Мемлекет басшылары екі елдің тауар айналымы тұрақты артып келе жатқанын, алайда сауда-саттықты әртараптандырудың маңыздылығын баса белгіледі. Әсіресе, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, тау-кен, өндіріс, медицина және озық технологиялар салаларындағы қарым-қатынасты жандандырудың маңызы жөнінде сөз болды.

Келіссөз кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Иранға жалпы құны кемінде 200 миллион доллар болатын тауар тасымалдауға дайын екенін жеткізді. Бұл ретте ол Қазақстанның Сауда үйін ашу бастамасына қолдау білдіріп, Іскерлік кеңестің жұмысын жандандырудың, Қазақстан-Иран бірлескен сауда-өнеркәсіп палатасының әлеуетін толық пайдаланудың маңызын атап өтті.

Жыл басынан бері Иран Қазақстан экономикасына 17,8 миллион доллар тікелей инвестиция салған. Иран кәсіпкерлері Алматы облысында ірімшік зауытын, Батыс Қазақстан облысында мал терісін өңдеу комбинатын ашу секілді жобаларға белсене атсалысып жатыр. Биылғы 10 айдың нәтижесі бойынша аталған бағыттармен тасымалданған жүктің көлемі өткен жылмен салыстырғанда, 53 пайызға артқан. Президенттер аймақаралық байланысты күшейту үшін көлік-транзит жолдарын одан әрі әртараптандыру, әсіресе, Каспий теңізіндегі порт инфрақұрылымын бірлесе дамыту мәселелерін талқылады.

Бұдан бөлек, тараптар екі елдің рухани құндылықтарын кеңінен таныстыру үшін алдағы жылдары Мәдениет күндерін өткізу, жоғары оқу орындары арасында студент алмасуды жандандыру, медициналық ұйымдар мен фармацевтикалық өндіріс орындары арасында серіктестік орнату жөнінде уағдаласты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Масуд Пезешкиан Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Президенттердің қатысуымен үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттарды алмасу рәсімі өтті.

Келіссөзден кейін Президенттер Иран архивінен табылған қазақ тарихына қатысты көне қолжазбалар көрмесін тамашалады. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Масуд Пезешкианның назарына Иран Ислам Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мұрағатынан алынған 27 қолжазбаның көшірмесі ұсынылды.

Айта кету керек, XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласында болған қоғамдық-саяси оқиғаларға қатысты құнды деректерді қамтитын жәдігерлер алғаш рет көрсетіліп отыр. Бұл құжаттар Қазақстан мен Иранның терең тарихи байланысын дәлелдей түседі.

Мемлекет басшысы қазақ тарихына қатысты деректермен бөліскені үшін Масуд Пезешкианға алғыс айтты.

– Бұл – өте құнды сыйлық. Біз міндетті түрде қазақ қауымына бұл көрмені көрсетеміз, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен дәріптейміз. Бұрын білмеген тарихи деректер бар екен. Қазақ халқына пайдалы болады деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**«АҚШАМ–АҚПАРАТ».**

АЙМАҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

# АШХАБАД САПАРЫ–

## бауырлас елдің бейтараптық саясатына қолдау

**Мемлекет басшысы Қасым–Жомарт Тоқаев 11–12 желтоқсан күндері Халықаралық бейбітшілік және сенім жылына, сондай–ақ Халықаралық бейтараптық күні мен Түрікменстанның тұрақты бейтараптығының 30 жылдығына арналған форумға қатысу үшін Ашхабад қаласына барды. Осы орайда Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы байланыстың жай–күйі мен болашағына және Ашхабадта өткен шаралардың көрші ел үшін маңыздылығына тоқтала кетелік.**

### Жоғары дипломатиялық алмасу

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түрікменстанға сапары дипломатиялық қадам екені сөзсіз. Өткен айда, яғни 25 қарашада елімізге Түрікменстанның Президенті Сердар Бердімұхамедов мемлекеттік сапармен келген. Мемлекет басшысының Ашхабадқа жасаған бүгінгі сапары көрші ел басшысының мемлекеттік сапарынан кейінгі дипломатиялық барыс-келіс жауабы саналады.

Түрікменстан сыртқы саясатта бейтараптық ұстанымда болғанымен, аймақ елдерімен сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және көлік-логистикалық бағытта байланыс орнатуға дайын екенін көрсетуде. Бұған Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулеріндегі Түрікменстан президентінің мәлімдемелері дәлел. Қазақстанға соңғы жасалған мемлекеттік сапарда да осы бағыттарда екіжақты байланысты арттыруға мүдделі екенін көрсетті.

25 қарашадағы келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхамедов Бірлескен мәлімдемеге жасады және 11 құжатқа қол қойылды. Олар мәдени-гуманитарлық, көші-қон, зейнетақымен қамтамасыз ету, құқықтық ынтымақтастық, ауыл шаруашылығы, көлік, денсаулық сақтау, өңірлік байланыс, ғылым және ақпараттық салаларды қамтиды. Осы кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедов пен бауырлас түрікмен халқын Түрікменстанның тұрақты бейтараптығының 30 жылдығымен құттықтап: «Бейтарап саясат жүргізу Түрікменстанның халықаралық аренадағы беделін биіктетіп, бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздік қағидаттарына бейіл екенін көрсетті», – деп бағалаған болатын.

Қол қойылған құжаттардың әрқайсысы екіжақты мемлекетаралық қарым-қатынасқа ғана емес, екі ел азаматтары үшін де маңызды. Мысалы, мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық туралы келісім халықтарымыз арасындағы тарихи және мәдени байланысты сақтау мен нығайтуға жол ашады. Көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісім азаматтарымыздың емін-еркін қозғалуына жағдай жасауды көздейді. Ал зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша ақпараттық ықпалдастық туралы келісім, екі елдің азаматтары көшкен жағдайда зейнетақысының сақталуын қамтамасыз етеді.

Екі ел арасындағы сауда-экономикалық, гуманитарлық байланыс өңірлер арасындағы тығыз әріптестік негізін де алға баспақ. Осыған орай Маңғыстау облысы әкімдігі мен Түрікменстанның Балқан уәлаяты әкімшілігі арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

### Маңызды форум

Түрікменстан Конституция бойынша тұрақты бейтарап мемлекет. Сондықтан көрші ел үшін бұл ауқымды шараның өзіндік маңызы зор. Сыртқы саясаттағы бейтараптылық Түрікменстанның негізгі заңының преамбуласында, сонымен қатар 2-бапта бекітілген. Осы бапта: «Түрікменстан әлемдік қауымдастық мойындаған және заң жүзінде бекітілген тұрақты бейтараптық мәртебесіне ие. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы және 2015 жылғы 3 маусымдағы «Түрікменстанның тұрақты бейтараптығы» туралы қарарларында Түрікменстан жариялаған тұрақты бейтараптық мәртебесін мойындап, қолдайды, сондай-ақ БҰҰ-ға мүше мемлекеттерді Түрікменстанның осы мәртебесін, оның тәуелсіздігін, егемендігін және аумақтық тұтастығын құрметтеуге және қолдауға шақырады. Түрікменстанның тұрақты бейтараптық мәртебесі оның ішкі және сыртқы саясатының негізі болып табылады» деп көрсетіледі. Яғни Түрікменстанның «тұрақты бейтараптық» қағидаты БҰҰ қарарымен мойындалып, оның мүшелері құрметтеуге тиіс.

Сондай-ақ, Конституцияда сыртқы саясаттың бірнеше қағидаты қатарына «тұрақты бейтараптық» ұстанымы айқын бекітілген. 9-бапта сыртқы саясаттың қағидаттары ретінде тұрақты бейтараптық, өзге елдердің ішкі саясатына араласпау, күш қолданудан бас тарту және әскери блоктар мен одақтарға қосылмау, аймақ пен өзге де әлем елдері арасындағы оң қарым-қатынасты қалыптастыруға түрткі болу секілді нормалар айқындалған.

2025 жылы 12 желтоқсанда БҰҰ деңгейінде Түрікменстанның тұрақты бейтараптық мәртебесінің мойындалғанына 30 жыл болды. Сондай-ақ, биыл БҰҰ деңгейінде Халықаралық бейбітшілік және сенім жылы атап өтілуде. Мұндай бастаманы Түрікменстан көтерген. Осыған орай Ашхабад мемлекеттік деңгейде бұл мерейтойға ерекше мән беруде. Бұл тұста бауырлас елдің көшбасшысының форумда қатысуы аймақтағы өзара сенім мен бірліктің көрінісі ретінде бағаланады.



**Пердехан ШӘМШИЕВ,**
сарапшы.

# СМАРТ ЛОГИСТИКА ДӘУІРІ:

## Цифрлық трансформация картасы бекітілді

**Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көлік-транзит саласын дамыту және цифрландыру мәселесі бойынша қабылданып жатқан іс-шаралар қаралып, зерделенді. Онда Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, Қаржы министрі Мәди Такиев, Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Ростислав Коняшкин, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов және «Қазавтожол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев баяндама жасады. Бұл туралы Премьер-министрдің ресми ақпараттық ресурсы мәлімдеген болатын.**



### Еуразия кеңістігіндегі басты көлік торабы

Көлік министрлігінің мәліметіне сүйенсек, биыл 13 мың шақырым жол салынып, жөнделген. Автотасымалдаушылар 288 млн. тонна жүк жеткізген (+1,7%), жолаушылар ағыны 1,5 млрд. адамға жеткен (+12,2%). Көліктік бақылауды автоматтандыру және электронды ілеспе құжаттарды енгізу жұмысы жалғасуда. Авиацияда 139,6 мың тонна жүк өңделіп, 13,1 млн. жолаушы тасымалданған. Темір жол тасымалы 380,3 млн. тоннаны (+7,9 %) құрап, 16,4 млн. жолаушы тасымалданды.

Үкімет отырысында Премьер-министр Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі басты көлік торабына айналдыру бойынша стратегиялық міндет қойғанын атап өтті. Қабылданған іс-шаралар нәтижесінде биылғы 10 айда еліміз арқылы транзиттік тасымал көлемі 29 млн. тоннадан асып, нақты өсім көрсетті.

Олжас Бектенов осы ретте транзиттік жүк тасымалы үшін бәсеке күшейіп бара жатқанын, сондықтан халықаралық көлік дәліздері мен өткізу пункттеріндегі процестерді жедел түрде цифрландыру арқылы көлік-логистикалық жүйенің қолда бар әлеуетін кеңейту қажет екенін атап айтты.

Президент Жолдауын жүзеге асырудағы басым бағыттардың бірі жүк қозғалысына онлайн-мониторинг жүргізу, мемлекеттік және жеке цифрлық платформаларды интеграциялау үшін толықтай цифрлық шешімдерді, оның ішінде Smart Cargo экожүйесін енгізу болатын. Алайда, бүгінде сервистер түгелдей дерлік жұмыс істеп тұрған жоқ деді Премьер-министр. Сондықтан көлік министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, келер жылдың 1 сәуіріне дейін сервистер мен ақпараттық ресурстардың толық интеграциясын аяқтауды міндеттеді.

### Авиахабты дамыту тетіктері

Жуырда өткен кеңесте Мемлекет басшысы атап көрсеткен авиахабтарды дамытудағы басымдық кезекті Үкімет жиынында да баса айтылды. Осыған байланысты Үкімет ұшу географиясын кеңейту, жаңа шетелдік авиатасымалдаушыларды тарту, еліміздің әуежайлары арқылы жүк және жолаушылар ағынын арттыру бағытында жұмыс жүргізуде. Айталық, әуежай инфрақұрылымын жаңғырту, арнайы техниканы жаңарту және жолаушылар мен әуе компанияларына қызмет көрсету сервистерін цифрландыру жүзеге асырылуда. Мұның бәрі қазақстандық әуежайларды бәсекеге қабілетті өңірлік хабтарға айналдыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте Олжас Бектенов көліктік деректер қорының ақпараттық-талдау жүйесін дамыту қажеттігін атап өтті. Қазірдің өзінде деректердің бірыңғай массиві жасалып, жүк қозғалысын бақылау модульдері іске қосылды. Бірақ жүйенің қазіргі монолитті архитектурасы оны интеграциялау мен инновациялық шешімдерді енгізу кезінде қиындықтар туғызуда. Көлік министрлігіне Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, аталған жүйені ашық интерфейстері бар модульдік және масштабталатын архитектураға көшіру, көлік ағындарын болжау мен басқару үшін жасанды интеллектіні кезең-кезеңімен енгізу тапсырылды.

### Халықтың мүддесіне қызмет етеді

Темір жол саласында Көлік министрлігіне «Қазақстан темір жолы» компаниясымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде шекаралық және тораптық стансаларда жүктерді өңдеу уақытын қысқарту бойынша қосымша шаралар әзірленеді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, желтоқсан айында мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін жаңғырту жұмыстары аяқталады. Жақын арада 5 өткізу пункті іске қосылады. Осылайша Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы контурындағы барлық өткізу пункттері халықаралық стандарттарға сай болып, жүктердің жылдам өтуін қамтамасыз етеді», – деп атап өтті Премьер-министр.

Олжас Бектенов Көлік министрлігіне «ҚазАвтоЖол» компаниясымен бірге жұмыс қарқынын жеделдетіп, өткізу пункттерінің құрылысын белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Бұл мәселе Премьер-министрдің тікелей бақылауында тұр. Сондай-ақ, ведомство мен компаниялар әкімдіктермен бірлесіп, жеке инвестицияларды белсенді түрде тарта отырып, халық пен тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасауы қажет. Жұмысты жалпы бақылау мен үйлестіру Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жүктелді.

### Жаңа цифрлық шешімдер

Үкімет отырысында Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Ростислав Коняшкин көлік саласын цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Ол Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында Көлік министрлігі Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп көлік саласының цифрлық трансформация картасын бекіткенін атап өтті.

*Құжатта көрсетілген нақты мақсаттар:*

- *2027 жылға дейін 10 халықаралық әуежайда биометриялық сәйкестендіруді іске қосу;*
- *теміржол бағыттарының 55%-ына интеллектуалды жүйелер енгізу;*
- *2029 жылға қарай автокөлік өткізу пункттерінде «жасыл дәлізді» толық енгізу.*

Бұл шаралар шекарадан өту уақытын қысқартып, жүк пен жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартады және транзиттік әлеуетті күшейтеді. Цифрлық трансформация аясында мультимодалды тасымалдардың 50 бизнес-процесіне талдау және қайта құру жүргізілді.

Нәтижесінде шекарадағы күрделі рәсімдер; жүк қозғалысы нақты бақылаудың болмауы; тасымалға қатысушылар арасында дерек алмасудың әлсіздігі сынды негізгі проблемалар анықталды.

Осы мәселелерді шешу үшін салааралық жұмыс тобы құрылды. Ақпараттық жүйелерге кешенді талдау жүргізілді. Қытай, Өзбекстан және Қырғызстан шекарасындағы өткізу пункттеріне тексерулер ұйымдастырылды. 2025–2027 жылдарға арналған цифрлық трансформация жоспары бекітілді.

Ростислав Коняшкин аталған бірыңғай платформаның іске қосылуы жүк тасымалына қатысты рәсімдерді 80–85%-ға дейін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бүгінде көлік-транзит саласында барлық 38 мемлекеттік қызмет онлайн форматта көрсетіледі. Оның сөзінше, көлік саласының цифрлануына стартаптар да белсенді қатысып отыр. Astana Hub экожүйесінде көлік-транзит саласында жұмыс істейтін 30 жоба бар. Бұл жобалардың жиынтық кірісі шамамен, 9 млрд. теңге. Яғни цифрлық шешімдер экономикалық нәтиже беріп отыр.

*Relog.ai платформасы:*

- ***жеткізу логистикасын жасанды интеллект арқылы жақсартатын B2B шешім;***
- ***маршруттарды автоматты түрде жоспарлайды;***
- ***көлік шығындарын 40%-ға дейін қысқартады;***
- ***кешігулерді 6 есеге азайтады.***

*MultiCode платформасы:*

- ***теміржол тасымалдарын жоспарлау және вагон паркін басқару үшін жасалған цифрлық шешім;***
- ***тасымалды және өтінімдерді автоматтандырады;***
- ***рейстерді жасанды интеллект арқылы жоспарлайды;***
- ***вагондарды бір жүйеден басқаруға мүмкіндік береді;***
- ***көрсеткіштерді нақты уақытта бақылап, талдайды.***

Сонымен қатар, Қаржы және Көлік министрліктерімен бірлесіп, Еуразиялық экономикалық одақ аясында «Транзит» ақпараттық жүйесі енгізілуде. Бұл жүйе навигациялық пломбалар арқылы жүк қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта бұл жүйе 7 теміржол стансасында, 11 автомобиль өткізу пунктінде қолданылады. Мемлекеттік кірістер комитетінің және одақ елдерінің жүйелерімен интеграцияланған.

Жүйе бизнес үшін бақылауды жеңілдетіп, «жалған транзиттің» алдын алады, ал мемлекет үшін салық пен бюджет түсімдерін арттырады. Одақ аумағында толық енгізу 2026 жылдың ақпанына жоспарланған. Қазір жүйе пилоттық режимнен өтіп, толық енгізуге дайын.

**Әзірлеген**
**Нұржамал ӘЛІШ.**

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ




## Алматының алдағы жылдарға арналған бюджеті бекітілді

**Достық үйінде өткен Мәслихаттың кезектен тыс XXXIX сессиясында Алматы қаласының 2026–2030 жылдарға арналған даму жоспары мен Алматы қаласының 2026–2028 жылдарға арналған бюджеті нақтыланды.**

**Бұл шешімдер жергілікті атқарушы органдардың бастамалары мен мәслихаттың өкілдік өкілеттігі аясында, Алматы қаласының өз дамуына қатысты стратегиялық бағыттарды айқындау негізінде қабылданып отыр. Жаңа қаржылық шешімдер мемлекеттік саясатты жүзеге асырумен қатар, қаланың ішкі қажеттіліктерін, қоғамның сұранысын және мегаполистің ұзақ мерзімді мүдделеріне сай жасалған.**

Жиын кезінде шаһар басшысы Дархан Сатыбалды мегаполистің негізгі даму көрсеткіштерін атап өтті.

*– Соңғы 5 жыл ішінде Алматы қаласының халқы 18%-ға өсіп, 2,3 млн. адамға жетті. Экономиканың орташа жылдық өсімі 6,8% құрады, нақты жалақы орта есеппен, жыл сайын 5,4%-ға өсті. Жұмыссыздық деңгейі 2025 жылдың 3-ші тоқсанында 5,2%-дан 4,4%-ға дейін төмендеді. Бұл мәліметтер атқарылған жүйелі жұмысты, негізгі бағыттар бойынша өсімді көрсетеді және одан әрі стратегиялық дамудың негізін қалыптастырады,* – деді қала әкімі.

Дархан Сатыбалды алдағы бес жылға арналған қаланы дамыту жоспары мегаполистің ұзақ мерзімді стратегиялық даму басымдықтарына және Алматы қаласының кешенді дамуын одан әрі қамтамасыз етуге бағытталған Мемлекет басшысының тапсырмаларына негізделгенін айтты.

### Кіріс 2,5 трлн. теңге

Жалпы, 2026 жылға арналған жергілікті бюджеттің кірісі 2,5 трлн. теңге көлемінде жоспарланған. Бүгінде Алматы бюджеті негізінен жергілікті түсімдер есебінен қалыптасады. Қала республикалық бюджеттің негізгі донорларының бірі болып қала береді, жалпы кірістің бестен бірінен астамын қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар, қала бюджетінен алынатын қаражат көлемі айтарлықтай артқан: 2025 жылы 250 млрд. теңгеден 2026 жылы 491 млрд. теңгеге дейін өседі.

*– Алдағы үш жылда республикалық бюджетке шамамен, 1,8 трлн. теңге аударылады. Бұл алдыңғы үш жылдық кезеңмен салыстырғанда, 2,6 есе көп. Қаржылық жүктеменің артуына қарамастан, біз жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ қарыз тарту арқылы ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруды бастаймыз,* – деді Алматы қаласының әкімі.

### Экономикалық өсім

2026 жылы қаланың дамуына жергілікті бюджеттен 2,8 трлн. теңге жұмсау жоспарланған. Оның үштен бірі – 850 млрд. теңге экономикалық өсімді ынталандыруға бағытталады. Дархан Сатыбалды келесі жылы қаланың көлік жүйесін дамытуға қомақты қаражат бағытталатынын атап өтті. Қала басшысының сөзіне сәйкес, бөлінетін қаражат BRT және LRT желілерін дамытуға, сондай-ақ қоғамдық көліктің өзге де түрлерін енгізуге жұмсалады. Бұл шаралар мегаполистің бүкіл көлік жүйесін жаңғыртудың негізгі тетігі болмақ.

Одан бөлек, Алматы қаласының әкімі Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша халықаралық деңгейдегі стадион құрылысы жалғасатынын айтты. Қазір оның сыйымдылығын 35 мыңнан 45 мың орынға дейін арттыру мәселесі қарастырылып жатыр. Жоба 2027 жылдың соңында бітеді деп жоспарланған.

*– Сондай-ақ, «Медеу» мұз айдынындағы инженерлік коммуникацияларды толық ауыстыру арқылы жаңғырту жүргізіліп жатыр. 2025–2029 жылдарға арналған Алматы тау кластерін дамытудың кешенді жоспары да жүзеге асырылады. Осы жоспар аясында туристік, көліктік және инженерлік инфрақұрылым нысандары салынады,* – деді Дархан Сатыбалды.

### Дамудың негізгі 7 бағыты

Мәслихат сессия барысында Экономика және қаржы басқармасының басшысы Бауыржан Құдайбергенов Алматы қаласының 2026–2030 жылдарға арналған даму жоспарын таныстырды.

*– Бүгінде Алматы – елдің ең ірі іскерлік, қаржылық, ғылыми және мәдени орталығы. Бірақ қаламызда бірқатар өзекті мәселелер де бар, қаланың оңтүстік бөлігінде мәдениет нысандарының 90%-дан астамы және денсаулық сақтау объектілерінің 82%-ы шоғырланған. Алдағы 5 жылда қала тұрғындарының ресми саны 2,7 млн. адамға дейін, ал көші-қонды есепке алғанда 3,3 млн. адамға дейін өсуі мүмкін. Күн сайын 650 мыңнан астам автокөлік қала жолдарына салмақ түсіріп, экологиялық жағдайды күрделендіруде,* – деді ол.

Бауыржан Құдайбергенов айтылған сын-қатерлерді ескере отырып, қала дамуының 7 басым бағыты айқындалғанын атап өтті. Ол: тұрақты экономикалық өсім, көлік жүйесін кешенді дамыту, жайлы қалалық орта, әлеуметтік тұрақтылық пен орнықтылық, «Жасыл Алматы», Smart city (ақылды қала), қауіпсіз қала.

### BRT және метро

Экономика және қаржы басқармасының басшысы Бауыржан Құдайбергенов 2026 жылға жергілікті бюджеттен жоспарланған жұмыстар бойынша да баяндама жасады. Оның айтуынша, қоғамдық көлікті сапалы дамыту арқылы қаланың көлік инфрақұрылымын қалыптастыруды жалғастырылады. Көлік саласын дамытуға 2026 жылы бюджеттен 504 млрд. теңге қарастырылды, бұл 2025 жылмен салыстырғанда, 1,5 есе артық және бюджеттің шамамен 20%-ын құрайды.

Оның ішінде Үлкен Алматы айналмалы автомобиль жолына радиалды 3 жолды (Абай, Саин, Тілендиев) ұзарту жұмыстарын жалғастыруға және 4 ішкі магистральдық көшелерді (Райымбек, Төле би, Мұқанов, Жұбанов) ұзарту үшін 8 млрд. теңге бөлінеді. Одан бөлек, қоғамдық көлікті дамыту бағдарламасы аясында Райымбек даңғылы бойынша BRT құрылысы жалғасатын болады, бұл жобаға бюджеттен 25 млрд. теңге бөлу жоспарланған.

*– Келесі жылы «Қалқаман» метро станциясының құрылысы аяқталады деп жоспарлануда, оған 21,2 млрд. теңге қарастырылды. 250 км жол, тротуарлар мен 40 аялдама алаңдары орташа жөндеумен, ал 200 мың шаршы метр жол ағымдағы жөндеу жұмыстарымен қамтылатын болады. Бұл мақсаттарға 33 млрд. теңге бөлінеді,* – деді ол.

Одан бөлек, тығыз қалалық құрылыс жағдайында инфрақұрылымды салу қажеттілігі үшін жерді сатып алуға келесі жылы 51,7 млрд. теңге қарастырылған.

### Инженерлік желілерді жаңғырту

Бауыржан Құдайбергенов жайлы қалалық ортаны құру үшін инженерлік желілерді салу және жаңғырту жалғастырылатынын атап өтті. Бұл ретте су беру және су бұру жүйесіне бағытталған 24 жобаға 35 млрд. теңге бөлінеді.

– Батыс кәріз коллекторының құрылысын аяқтау және қала маңындағы №1, 2 және 3 коллекторларын қайта жаңарту жұмыстары қаладағы және қала маңындағы 20 мың тұрғынды қамтуға жағдай жасайды. Аталған жобаларға жалпы 30 млрд. теңге бағытталады, – деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар, «Нұрлытау» шағынауданында сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу құрылысын бастауға 8 млрд. теңге, «Ерменсай» су қабылдау тарту нысанының құрылысына аяқтауға 3 млрд. теңге, Түрксіб ауданындағы 35 көпқабатты тұрғын үй мен 18 мекемені жылумен қамту мақсатында «Жұлдыз» қазандығын жаңғырту жұмыстары бастауға 2 млрд. теңге көзделеді. Жалпы, аталған жобаларға бюджетте 400 млрд. теңге қарастырылған.

### Халық қатысатын бюджет

Келесі жылы халық қатысатын бюджет жобасы шеңберінде абаттандыру бойынша 212 жобаны іске асыруға 17 млрд. теңге бөлінбек. Оның ішінде Достық даңғылы мен Пушкин көшесін қайта жаңарту бойынша жобаларды аяқтау жоспарланып отыр.

Оған қоса, алдағы жылы 5,9 млрд. теңгеге қала көшелеріндегі 158 нысан бойынша сәулеттік, сәндік жарықтандыру бастамасы жалғастырылады. Жалпы, қоғамдық кеңістікті абаттандыруға арналған бюджет шығыстары 270 млрд. теңге болады.

*– Әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту ерекше назарда. Қала әкімдігі білім беру мен денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін белсенді шаралар қабылдауда,* – деді Бауыржан Құдайбергенов.

Жалпы, білім беру саласына 487,2 млрд. теңге қарастырылған. Оның ішінде: 346 мектептердің, 996 балабақшалардың, 17 интернаттың және 20 қосымша білім беру объектілерінің толыққанды жұмыс істеуіне 416 млрд. теңге беріледі. 2 мектепке сейсмикалық күшейту жұмыстарын жүргізуге, 9 мектеп құрылысына және 8 мектепті қайта жаңартуға 29,3 млрд. теңге бағытталады.

### 5 емхана салынады

2026 жылы денсаулық сақтау саласын дамытуға 88,2 млрд. теңге бағытталады. Сондай-ақ, вакциналар мен медициналық препараттарды сатып алуға және сақтауға 18 млрд. теңге бөлінеді. 39 денсаулық сақтау ұйымын жабдықтауға 16,7 млрд. теңге бөлу қарастырылды.

*– Бюджетте әрқайсысы ауысымына 500 адам қабылдайтын 5 жаңа емхана салу жоспарланды (Әйтеке би көшесі, Гагарин даңғылы, «Құрамыс» ш/а, «Шұғыла» ш/а, «Алтай-1» ш/а) және қолданыстағы 2 аурухананы қайта жаңарту (№7, №4) және №1 Қалалық перзентхананың жаңа ғимаратын салуға 36,1 млрд. теңге көзделеді,* – деді Экономика және қаржы басқармасының басшысы.

Сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау және жұмыспен қамтуға 17,6 млрд. теңге бағытталмақ. Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтендіру шеңберінде жалпы құны 3,8 млрд. теңгені құрайтын ауысымына 300 адамға арналған спорт кешенін салу көзделіп отыр.

### Науқастар жаңа дәрі түрімен қамтылады

Алматы қаласы мәслихатының XXXIX сессиясында депутаттар жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын аурулар мен дәрілік препараттар тізімін кеңейту жөніндегі мәселені бірауыздан қолдады.

Жергілікті бюджет есебінен амбулаториялық деңгейде дәрілік препараттар жүйелі қызыл жегі, қысқа ішек синдромы және оптикомиелоневрит (Девик ауруы) диагнозы бар пациенттерге жеткізіледі.

*– Бұл патологиялармен ауыратын науқастар үшін заманауи препараттарды қолдану – жай ғана медициналық қажеттілік емес, ауруды тұрақтандырудың, еңбекке қабілеттілікті сақтаудың және мүгедектікке жол бермеудің жалғыз жолы. Ұсынылған әрбір мәселе – өңір тұрғындарының нақты қажеттілігіне негізделген. Әр санның артында қиын өмір жағдайына тап болған адамдар мен олардың отбасылары тұр,* – деді Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Ләйла Иманғалиева.

**Әзірлеген**
**Досбол АТАЖАН.**

«АДАЛ АЗАМАТ»

# ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН СЕНІМ:

## Этикалық нормалар қауіпсіз қоғамның кепілі

**Алып мегаполистегі қауіпсіздік тек полиция мен құтқару қызметінің жұмысына ғана емес, барлық мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен этикалық деңгейіне де тікелей байланысты. Қоғамдық тұрақтылықты сақтаудағы басты талаптардың бірі – мемлекеттік аппараттың ашықтығы, адалдығы және әділ әрекеті. Осы бағытта Алматыда мемлекеттік қызметтегі этикалық нормалардың рөлі мен құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесі ресми тарап пен сарапшылар және қоғам өкілдері ортасында талқыланып келеді.**

Дана САДЫРҚАН



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Алматы қаласы әкімі аппаратының этика жөніндегі уәкілі Мамай Ахетовтың айтуынша, мемлекеттік қызметшілердің Этикалық кодексі қызметкердің кәсіби мінез-құлқына, қоғаммен және әріптестерімен қарым-қатынас мәдениетіне қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

Мемлекеттік қызметкерлер мен сарапшылардың басқосуында ол: «Этикалық кодекс адалдық, ашықтық, әділдік және жауапкершілік сияқты базалық құндылықтарды бекітеді. Оның басты мақсаты – азаматтардың мүдделерін қорғау, мемлекеттік органдарға деген сенімді арттыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту», – деп түсіндірді.

Этика жөніндегі уәкілдер институты 2015 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Алматыда бүгінде 9 уәкіл бар: біреуі – штаттық, қалған сегізі – қосымша функциялар атқарады.

Олардың міндеті – мемлекеттік қызметшілерге кеңес беру, заңнаманы түсіндіру, құқықбұзушылықтың алдын алу және мекемелердегі моральдық-психологиялық ахуалды бақылау. 2025 жылы уәкілдер 400-ге жуық семинар өткізіп, қызметкерлер мен азаматтарға 700-ден астам кеңес берген. Сондай-ақ, қала мен аудан әкімдіктерінде 396 жеке қабылдау ұйымдастырылған.

Ашық талқы отырыстарында құмар ойындарына тәуелділіктің де мемлекеттік қызмет сапасына әсері айтылды. Мамандардың пікірінше, лудомания қаржылық қиындыққа, жұмыс нәтижесінің төмендеуіне және заңсыз әрекетке бару қаупінің артуына себеп болуы мүмкін. Айталық, тәуелділік қызметкерді қауіпті шешімдерге итермелеуі ықтимал. Алматы қаласында мұндай жағдайдың алдын алу үшін тұрақты бақылау шаралары жүргізіліп келеді. Сонымен қатар, спикер мемлекеттік қызметте зайырлылық принципін сақтау – азаматтардың сенімін қорғаудың маңызды шарттарының бірі екенін атап өтті.

Қоғам орнықтылығындағы маңызды болған осындай құндылықтардың орнығуында мемлекеттік қызметкерлердің рөлі айтақалсын жоғары. Мамай Ахетовтің айтуынша, мемлекеттік қызметші – мемлекеттің көзі, құлағы және тілі. Оның әрбір әрекеті қоғамның билікке деген көзқарасына әсер етеді. Сол себепті, этика, қызмет мәдениеті және жауапкершілік мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып қала береді. Цифрландыру сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтқанымен, адами фактор мен кәсіби этиканың рөлі бұрынғыдан да өзекті болып тұр.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

# ЦИФРЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

## Алматыда жаңа жобалар таныстырылды

**Мегаполистің қауіпсіздігі мен жайлылығы көлік жүктемесі, жол-қатынасы қауіпсіздігіне де тікелей байланысты. Қазіргі заманауи мегаполистер үшін бұның цифрлық шешімдері де бар. Айталық, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматыдағы бөлімшесі қаладағы көлік жүктемесін азайтудан бастап, тұрғындарға арналған цифрлық сервистерді жақсартуға дейінгі бірқатар жобаларын жұртшылыққа таныстырды.**

Нұржамал ӘЛІШ



### Бірыңғай төлем жүйесі

Аталған жоспарлар қатарында қозғалысты қауіпсіз реттейтін ақылды жүйелер де бар. Солардың бірі – реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелдерін автоматты қозғалыс тіркеуі бар жүйемен жарықтандыру. Бұл жаяу жүргіншілердің қараңғы кезде көрінуін арттырып, жол апатын азайтуға мүмкіндік береді. Тағы бір жоба – шетелдің біраз елінде қолға алынған метро, автобус және троллейбусты бір төлем арқылы пайдалануға мүмкіндік беретін бірыңғай төлем жүйесін енгізу. Сонымен қатар, таңғы қарбаласта көлік жүктемесін азайту үшін ЖОО мен колледждердің сабақ кестесін өзгерту ұсынылды: 255 мың студенттің сабақ уақытын 11.00-ге ауыстыру жолаушылар ағынын қайта бөліп, жолдағы кептелісті азайтуға сеп болуы мүмкін.

*«Цифрландыру саласында жасанды интеллектпен жұмыс істейтін, азаматтардың сұрағына жауап бере алатын қосымша жоба әзірленді. Алматыда жыл сайын 200 мыңнан астам өтініш тіркеледі, мұндай сервис МҚО-ларға түсетін жүктемені едәуір азайтар еді»,* – дейді Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингке қатысқан академия директоры Айнұр Ыдырысова.

### Жаңа буын келбеті

Спикер алдағы 5–10 жылда Алматы мемлекеттік қызметкерлерден цифрлық сауаттылық, жобалық ойлау, клиентке бағдарлану мен қарқынды дамып келе жатқан қалада жұмыс істей білу сияқты мүлдем жаңа дағдыларды талап ете бастайтынын тілге тиек етті.

*«Бүгінде тек профильдік білім жеткіліксіз: мемлекеттік қызметші деректерді талдай біліп, цифрлық құралдарды енгізе алуы, интеллектуалды жүйелермен жұмыс істеп, азаматтарға ыңғайлы сервистер құра алуы қажет. Бұрын басты талап жедел әрекет ету болса, бүгінде негізгі рөл болжау мен алдын алатын шешімдерді енгізу болып отыр»,* – деді Айнұр Ыдырысова.

Спикер ерекше атап өткен маңызды бастамалардың бірі – «AI-Qyzmet» білім беру жобасы. Ол Жасанды интеллект, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (МЦРИАП) және Astana Hub-тың бірлесуімен жүзеге асырылды. Бағдарлама 50 мыңнан астам мемлекеттік қызметкерді қамтып, цифрлық сауаттылықты арттырып, жасанды интеллект технологияларын мемлекеттік басқаруда этикалық тұрғыдан қолдануға бағытталды.

### Гарвардтың кейс-стади әдісі

Айнұр Ыдыры-сова мемлекеттік қызметшілерді даярлау жүйесіндегі негізгі өзгеріс пен жаңа білім беру тәсілдері туралы да баяндады. Оның айтуынша, академияда Гарвард басқару мектебінің кейс-стади әдісі, дағдарысты басқару жағы мен өзге де замандық халықаралық әдістемелер енгізілген.

Академия Harvard Kennedy School және Сиракьюз университетінің Maxwell School of Citizenship and Public Affairs жоғары оқу орындарымен белсенді ынтымақтастық орнатқан. Шетелдік лекторлар тыңдаушыларға дәріс оқып, академия мамандары тәжірибе алмасудан өтіп, біліктілігін арттырыды.

*«Қазір тыңдаушылар теорияны оқып қана қоймай, иммерсивті ортада нақты басқарушылық міндеттерді шешеді, түрлі сценарийлерді модельдейді, салдарын талдап, әртүрлі мінез-құлық моделін байқап көреді. Бұл басқарушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады»,* – дейді спикер.

Брифинг барысында жастардың мемлекеттік қызметке қызығушылығы да сөз болды. Академия деректеріне сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің орта жасы – 39 жас, 30 жасқа дейінгі мамандар 17%.

Спикердің айтуынша, жеке сектордағыдай айлық бермесе де, жастарды мұнда нақты жобаға қатыса алатын мүмкіндік, басқарушылық дағдыларды меңгеру мен өз бастамасын іске асыру жағы қызықтыратын көрінеді.

### Күрделі шешімдер қабылдауға қауқарсыз

*«Брифингте жасанды интеллект мемлекеттік басқаруды трансформациялағанымен, басқарушыларды алмастыра алмайды»* дейді Айнұр Ыдырысова. Оның айтуынша, ЖИ қазірдің өзінде мемлекеттік органдардың тиімділігіне айтарлықтай ықпал етіп келеді: ол қағазбастылықтан құтқарып, үлкен көлемдегі деректерді талдауды жеделдетіп, заңдылықтарды анықтауға көмектесіп жатыр.

*«Дегенмен, мемлекеттік басқару – бірыңғай деректен ғана тұрмайды. Бұл – жауапкершілік, этика, әлеуметтік факторларды түсіну, адамдармен, контекстпен жұмыс істей білу деген сөз. Алгоритмдер көмектескенімен, бірақ олар адам сияқты жұмыс істеп, күрделі шешім қабылдауға қауқарсыздау»,* – дейді ол.

**Сарапшының пікірінше, алдағы жылдары ЖИ мемлекеттік қызмет құрылымын өзгертеді, бірақ негізгі басқарушылық лауазымдар сол қалпы қала бермек.**

САРАПТАМА

**10 желтоқсанда Мәжілістің жалпы отырысы өтті. Онда бірқатар заң жобалары, толықтырулар мен өзгерістер енгізу мәселелері қаралды. Айталық, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) коммуналдық меншіктегі энергия өндіруші ұйымдарға салық салу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне күзет қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары қаралып, мақұлданды. Сонымен қатар, депутаттар мемлекеттік органдарға өз сауалдарын жолдады.**




# ЭНЕРГЕТИКАДАН ЗЕЙНЕТАҚЫҒА ДЕЙІН:

## Мәжіліс талқылаған мәселелер қандай?

**Депутат бастамасы**

Бұл рет қабылданған 2 заң жобасына депутаттар бастамашы болған еді. Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы Еділ Жаңбыршин *«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) коммуналдық меншіктегі энергия өндіруші ұйымдарға салық салу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы»* заң жобасын өз авторлығымен ұсынған.

Жиында Еділ Жаңбыршин аталған заң жобасы жөнінде баяндама жасады. Баяндамада бұл заңнамалық құжат негізінде коммуналдық меншіктегі энергия өндіруші ұйымдарға көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың жүзеге асуын түсіндірді. Бұл түзетулер мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында енгізілген. Пайда салығын төмендету шарасы жеке меншік энергия өндіруші ұйымдарға қолданылмайды. Сондай-ақ, коммуналдық меншіктегі ұйым электр энергиясын, су мен жылу энергиясын өндіруі тиіс. Яғни әлеуметтік маңызды мекеме болуы керек. Мәжіліс бұл заң жобаны бірінші және екінші оқылымда қабылдады.

Бұдан бөлек, Мәжіліс *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне күзет қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»* заң жобасын қабылдады. Құжатқа Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Мәжіліс депутаттары бастамашы болды. Қабылданған құжат бойынша елімізде қару иелерін бақылау күшейеді.

Аталған заңға сәйкес азаматтық және қызметтік ойық ұңғылы атыс қаруы иелері қаруын «тексеру атысы» үшін тапсыруға тиіс. Бұл процедура уақытылы орындалмаған жағдайда, Ішкі істер министрлігі бірінші және екінші санаттағы рұқсаттардың күшін тоқтата тұрады.

Заңда сонымен қатар, күзет қызметін ұсынушылар үшін жаңа міндеттемелер белгіленеді. Енді бұл ұйымдар міндетті түрде уәкілетті органға есеп беруі, қызметті тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы бес жұмыс күні ішінде хабарлауға тиіс. Сондай-ақ, құжатқа «Әскерилендірілген теміржол күзеті» тұжырымдамасы енді. Мұндай күзет транзиттік теміржол бағыттарында жүк пен заттарды қорғау мақсатында енгізілуде.

Мәжіліс қабылдаған үшінші құжат «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» деп аталады. Заң жобасының авторы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Бұл заңды қабылдау арқылы 2024 жылғы 29 қазанда Ұлан-Батыр қаласында қол қойылған Қазақстан мен Моңғолия үкіметтері арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімі ратификацияланды. Аталған келісім екі ел азаматтарының зейнетақы құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Оның қазақстандықтарға және елімізге көшетін қандастарға тиімді мынадай артықшылықтары бар:

- ***Қазақстан мен Моңғолия азаматтарына қоныс аудару кезінде қосымша мүмкіндіктер беріледі, яғни екі елде жинақталған жалпы жұмыс тәжірибесі ескеріледі;***
- ***Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан қаржыландырылған зейнетақылар Моңғолияға көшкен кезде аударылады;***
- ***Екі елдің азаматтарына зейнетақы тағайындау және төлеу тұрғылықты елінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.***

**Сауалдар салмағы**

10 желтоқсанда 18 депутаттық сауал жолданған. Оның басым көпшілігін «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары жолдаған, яғни 11 сауалға бастамашы болды. «Ақ жол» және «ҚХП» 2 сауалдан жолдаған. Ал қалған фракциялардың әрқайсысы 1 сауалға бастамашы болды.

| Фракциялар | Сауалдар саны (18) |
|---|---|
| «AMANAT» | 11 |
| «Ақ жол» | 2 |
| «ҚХП» | 2 |
| «Ауыл» | 1 |
| «ЖСДП» | 1 |
| «Respublica» | 1 |

Сауалдар жолданған адресат бойынша талдайтын болсақ, басым көпшілігі ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновке жолданғанын көреміз. Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға 3 сауал, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғаринге 2 сауал бағытталған. Ал Ж.Мәдиев пен Ж. Сүлейменоваға бір сауалдан жолданған.

| Үкімет мүшелері | Сауалдар саны (18) |
|---|---|
| О.Бектенов (Премьер-министр) | 11 |
| А.Балаева (Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі) | 3 |
| С.Жұманғарин (Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі) | 2 |
| Ж.Мәдиев (Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі) | 1 |
| Ж.Сүлейменова (Оқу-ағарту министрі) | 1 |

**Фракциялар бөліскен тақырыптар**

«AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары әдеттегідей өз сауалдарында барлық сала мәселелерін қамтуға тырысқан. Атап өтер болсақ, Б.Ізмұхамбетов пен Н.Сәрсенғалиев БҚО-ғы «Сырым» өткізу пунктіне жөндеу жұмыстары мәселесін көтерді. Ресеймен шекарадағы «Сырым» (Қазақстан)- «Маштаково» (Ресей) өткізу пунктінде «Таловая» өзені арқылы темір бетон көпірі бар. Бірақ сол көпірді жөндеу жоспарға енбей қалған. Депутаттар бұл көпірдің транзит үшін маңыздылығын айтып, жөндеу қажет екенін мәлімдеді.

Мәжіліс депутаты Е.Жаңбыршин су ресурстарын басқарудағы кемшіліктерді атап өтті. Оның сөзінше суды басқаруда ашықтық жоқ. Осыған орай «цифрлық егіз» жобасын енгізуді ұсынды. Мысал ретінде Қытайдың тәжірибесін келтірді. Бұл жоба еліміздегі су бассейндерінің цифрлы мәліметтер базасын дайындауды көздейді.

Ал Б.Бейсенғалиев дәрі-дәрмек саласына салық жеңілдіктерін жетілдіруді ұсынды. Оның сөзінше Жаңа Салық кодексіндегі жеңілдіктер жеткіліксіз. Депутаттың ойынша салықтық жеңілдіктер дәрі-дәрмекті өндіруден бастап тұтынушыға жеткенге дейін жасалуы тиіс. Әлеуметтік мәселе бойынша Е.Абдиев те сауал жолдады. Ол әлеуметтік желілерде мүгедектігі бар жандар туралы дөрекі сөйлейтіндердің көбеюіне байланысты шара қолдануды ұсынды.

Бұдан бөлек, партия мүшелері Ж.Әшімжанов ұялы байланыс операторларының тарифтерді қымбаттатуына қатысты, К.Авершин отандық өндірушілерді қолдау, М.Жайымбетов білім саласындағы мәселелерді, Ү.Шапақ мектепке дейінгі балаларды тамақтандыру секілді маңызды тақырыптарды көтерді.

«Ақ жол» партиясы фракциясының мүшелері еліміздегі еңбек ресурсына тапшылықты ескере отырып, Орталық Азия елдерінен еңбек мигранттарын келу мәселесін реттеуді ұсынған. Сондай-ақ, партияға кәсіпкерлер тарапынан «Бақты» өткізу пунктінен жемістер мен көкөністерді өткізуде кедергілер болып жатқаны туралы өтініштер түсіп жатқанын хабарлады.

«ҚХП» депутаттары МӘМС жүйесіндегі ашықтықты жетілдіру және колледждерді реформалауға байланысты ұсыныс айтты. Ал «Ауыл» партиясы сүт өнімдерін ашық таңбалау мен олардың өндірушілерді қолдау мәселесін көтерді. «ЖСДП» фармацевтика саласын реформалау, «Respublica» партиясы оқушыларды тамақпен қамтамасыз ету жүйесін әділ қаржыландыру мәселелеріне назар аударды.

**Пердехан ШӘМШИЕВ,**
**сарапшы.**

Almaty AQSHAMY
№110 (6672) 12 желтоқсан, 2025 жыл
www.aqshamnews.kz


«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

## Қазақстан халқы Ассамблеясы ел жетістігін насихаттады

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік тағылымы» атты мазмұнды әрі мәні терең іс-шара өтті. «Дөңгелек үстел» форматында ұйымдастырылған жиынның басты мақсаты – тәуелсіз мемлекеттің жетістіктерін кеңінен насихаттау, ел азаматтары арасындағы бірлікті нығайту және ортақ құндылықтарымызды ұлықтау.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ





Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, бірнеше ұлт пен ұлыстың белсенді мүшелері, ҚХА серіктестері, сондай-ақ Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушылары мен студенттері қатысты. Залға жиналған әрбір қатысушының жүзінен мерекелік көңіл күй мен ортақ болашаққа деген сенім сезілді. Алғаш болып Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жас өнерпаздары патриоттық әндер мен сахналық композициялар ұсынды. Жастардың белсенділігі жиынға жаңа леп беріп, шараның рухын арттыра түсті.

Өнерпаздардың өнерінен кейін сөзді ұйымдастырушылар алып, тәуелсіздік жылдары қол жеткізген қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жетістіктерге тоқталды. Сонымен қатар, спикерлер елімізде этносаралық келісім мен татулықтың ерекше маңызға ие екенін, Қазақстан халқы Ассамблеясының осы бағыттағы қызметі тұрақты дамуға негіз болып отырғанын да атап өтті.

Әр сөз алушы ұлттың Қазақстанды ортақ Отан деп қабылдауы – тәуелсіздіктің ең үлкен жемісі екенін айтты.

– *«Тәуелсіздік күні қарсаңында мен тағы да өткен жолымызға мақтанышпен қарап, Қазақстанның жүріп өткен даму кезеңдерін ерекше атап өткім келеді. Бүгінде біз – тұрақты дамып келе жатқан, болашағы айқын мемлекетпіз. Барша қазақстандықтарға ең алдымен тұрақтылық, тыныштық және береке тілеймін. Бірлігіміз – біздің ең үлкен күшіміз. Президентіміз айтқандай, «Біз – түрлі болсақ та, біртұтас халықпыз. Бір шаңырақтың астында өмір сүріп жатырмыз»*, – деді, Алматы қаласындағы Өзбек ұлттық-мәдени орталығының төрағасы Оралбаев Абдухалил.

«АДАЛ ҰРПАҚ»

# Желтоқсанды ұмытпа, жас ұлан!

**Бүгінде Алматының білім ордаларында Желтоқсан оқиғасы мен Тәуелсіздік күні мерекесінің мән-мағынасы туралы кештер, кездесулер өтіп жатыр. Себебі, еңсесі биік егемен елімізде алаңсыз өмір сүріп жатқан жас ұрпақ тәуелсіздік ұғымын терең ұғынуы тиіс. Ал елдіктің қадірін түсініп өскен бала адал азамат болып өсері хақ. Адалдықты ту еткендерге мемлекет тұтқасын сеніп ұстатуға болатыны тағы анық.**

Нұржамал ӘЛІШ



Сондай басқосулардың бірі Наурызбай ауданындағы Рахым Сәрсенбин атындағы №192 жалпы білім беретін мектепте көрініс тапты. «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» деп айдар тағылған әдеби-тарихи кешке мұрындық болған – қоғамдық-саси өмірдің үнемі белортасында жүретін «Желтоқсан» қозғалысының ардагерлері мен ауданның «Әжелер алқасы».

Кештің бағдарламасы өте бай болды. Мектептің жеткіншектері патриоттық тақырыптағы әндерін шырқап, тебіреніп өлең де оқыды. Оқушылардың мектеп өмірі мен Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев сынды тұлғалардың тарихи бейнелерін байланыстырып дайындаған «Тәуелсіздік – ерекше сый» атты театрландырылған қойылымы да әсерлі шықты. «Жас сарбаз» мектеп клубы «Ару сарбаздар» патриоттық әнін орындады. Наурызбай ауданының Желтоқсан ардагерлерінен құрылған хор «Желтоқсан гимнін» орындады. Мектеп мұғалімдерінен құралған трио да ортаға шығып, «Ұмытпа, қазақ!» әнін салды. Жасанды интеллекттің көмегімен Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері туралы дайындалған бейнеролик те оған үңілген әр жеткіншектің жүрегіне патриоттық сезім дәнін сепкені анық.

Әдеби-тарихи кештің мейманы – журналист-публицист, аудармашы, баспагер, Желтоқсан тақырыбын терең зерттеген қаламгер Талғат Айтбайұлы жанып тұрған балаларға ризашылығын білдіріп, осындай ұрпақ тұрғанда, ертеңімізге алаңдауға негіз жоқ деді.

Тақырыпқа орай айта кетсек, Талғат Айтбайұлы – «Желтоқсан» топтамасының құрастырушысы. Алғаш шағын жинақтан басталған еңбегі бүгінде 17 томға жетіп, халқымыздың тарихи мұрасына айналды.

Сондай-ақ, кешке қатысқан Қалелхан Әділханов, Бақыт Байниязов, Ғани Аюпов, Әріп Қабланов, Болат Тәжіғұлов, Сәуле Әбджанова, Күләш Қызайбаева, Қарлығаш Ибрайшина сынды сонау 1986 жылғы желтоқсан ызғарында «тоңған», елге, жерге деген жүрегін алаңға алып шыққан азаматтар да ортаға шығып сөйлеп, естелігін бөлісті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Сәуле ӘБДІЖАНОВА, «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі Наурызбай аудандық филиалының мүшесі:**

### Адал азамат болыңдар, айналайындар!

***Мен бүгін осындай басқосуда әріптестеріммен және желтоқсаншы қазақ жастарын ұлықтап, насихаттап том-том дап кітап жазған Талғат Айтбайұлымен кездесіп отырғаныма өте қуаныштымын. Мен де 1986 жылы студент едім. Ауыл шаруашылығы институтында оқып жүрген арманшыл, жалындаған жас едім.***

***Біздің ешқандай бөтен ойымыз болған жоқ, тек елді өзіміздің ұлттың перзенті басқарса деген тілекпен шыққан едік алаңға. Өкінішке орай, біздің үнімізді естімеді. Сол жылғы желтоқсан өте ызғарлы, суық еді. Бірақ бізді тоңдырмаған, жылытқан Отанға деген сүйіспеншілік сезімі болды.***

***Біз жылда Наурызбай ауданында сол күндерді және Желтоқсан қаһармандарын ұмытпас үшін спорт ойындарынан турнирлер өткізіп тұрамыз. Балалар, сендер де бұл күнді ұлықтап жүрсеңдер екен деймiз. Өйткені, бүгінгі Тәуелсіздік сол жылғы желтоқсаннан басталған. Сендерді еститін мемлекет бар. Осы отырған әрқайсысың адал азамат болып өсулеріңе тілекшіміз.***

# «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»

## Қосымша капитал қолжетімді қадамдарға күш береді

**Мемлекеттің балаларға қамқорлығын байқататын маңызды бастамалар кейінгі жылдары көптеп көрініс беріп жатыр. Солардың бірі – «Ұлттық қор – балаларға» жобасы. 2024 жылы қолға алынған бағдарламаға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған. Президент жобаның маңызы туралы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында да айтып өтті.**




Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

*«Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Сондықтан мен жариялаған Балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын. Жинақталған қаржы балалар кәмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді. Қор, шын мәнінде, ұлттық мәртебеге ие болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді»,* – деген еді Президент.

Аталмыш игі бастаманың арқасында балалардың сапалы білім алып, баспанамен қамтылуына жағдай жасалып отыр. Жобаның басталғанына 2 жылға жуықтады. Қазір қалай жүзеге асып жатыр? Балалар пайдасын көріп отыр ма?

### 2 жылда 1,5 миллиард доллар

Қазақстан Үкіметі баспасөз қызметінің мәліметінше, бүгінгі таңда «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында 7 миллионға жуық қазақстандық бала өз болашағына қаржы жинап жатыр. Екі жыл ішінде Ұлттық қордан бөлінген жалпы қаражат 1,5 миллиард долларға жетті.

Бұл бағдарламаны Қаржы министрлігі жүзеге асырады. Жоба аясында Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызы әрбір баланың арнайы жинақ шотына аударылады. Бұл қаражатты балалар 18 жасқа толғанға дейін мерзімінен бұрын шешіп алуға болмайды. Жинақталған қаржыны тұрғын үй сатып алуға немесе білім алуға пайдалануға болады.

«Бағдарлама 2024 жылғы 1 қаңтардан ресми түрде іске қосылды. Ұлттық қордан қаражат аудару 2006 жылдан бастап туған барлық балаларға жыл сайын жүргізіледі. Қаржы министрлігінің мәліметінше, өткен жылы бұл бағдарламаға 2006 жылдан 2023 жылға дейін туған 6 919 131 бала қатысты. Олардың әрқайсысының шотына 100,52 доллардан аударылды. Жинақталған қаражат 695,5 миллион доллар болды. Бұл балалардың ішінде 2024 жылы 18 жасқа толған 304 815 балаға 30,6 миллион доллар төленді» деп жазылған үкімет хабарламасында.

### Бала болашағына инвестиция

2025 жылы қатысушылар саны 6 921 035 балаға жетті, оның ішінде 324 430 бала биыл 18 жасқа толады. Осы жылы әр балаға 129,38 доллардан есептелді. Бағдарламаға екі жыл қатарынан қатысып жатқан балалардың жалпы жинағы, инвестициялық табысты қоса алғанда, 232,94 долларды құрады. Ұлттық қордан бөлінген жиынтық қаржы 1,5 миллиард доллар болды.

Қаражат бала 18 жасқа толғанға дейін жиналады, кейін оны тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе білім ақысын төлеуге пайдалануға болады. Осы мақсаттарға 118 мыңнан астам өтінім берілген, оның ішінде 97 мыңы орындалған. Жалпы төленген сома – 11 миллион 399,1 мың доллар.

Атап айтқанда, тұрғын үй жағдайын жақсартуға 63 871 өтінім берілген, оның 56 591-і мақұлданып, 6 миллион 647,9 мың доллар төленген. Білім алу үшін 54 270 өтінім түсіп, оның 40 466-сы орындалған және 4 миллион 751,2 мың доллар төленген.

Бүгінгі таңда «Ұлттық қор – балаларға» бастамасы әрбір баланың болашағына қаржылық негіз құруға бағытталған ұзақ мерзімді мемлекеттік қолдау нысанына айналды.

### Маңызды әлеуметтік бастама

Әлеуметтану ғылымдарының докторы Мансия Сапарғалиқызы «Ұлттық қор – балаларға» жобасына қатысты өз пікірін білдірді. Оның айтуынша, бұл бағдарлама әлеуметтік теңсіздікті азайтатын маңызды әлеуметтік бастама болып отыр.

Ата-аналардың бағдарлама туралы толыққанды хабардар болуы халықтың сеніміне тікелей әсер етеді. Қорға қатысу үшін қандай құжаттар керек, ақшаның қалай жиналатынын және шотты қай жерден тексеруге болатынын әр ата-ана білуі тиіс. Кейбір ата-аналарға құжаттарды рәсімдеу барысында көмек қажет болып жатады. Қордағы қаражатты ата-аналар ай сайын eGov арқылы бақылай алады. Бағдарламаның алғашқы кезеңінде балаға жыл сайын шамамен, 100 доллар көлемінде қаражат түссе, бүгінде бұл сома 230 долларға дейін өсті. Баланың болашақта жоғары оқу орнына түсуіне немесе өзінің жеке кәсібін бастауына қажетті алғашқы капитал ретінде өте маңызды қолдау деп ойлаймын.

Демек, ата-ананың баласына жасайтын қамқорлығын жеңілдететін, жүктемесін азайтатын әлеуметтік тетік деуге болады. Сонымен қатар, маман бұл жобаның балалардың әлеуметтік қорғалуына қосатын үлесін атап өтті:

*«Балалар 18 жасқа толғанға дейін бұл қаражатқа ешкім қол сұға алмайды. Қаражат толықтай сақталады және кәмелеттік жасқа жеткенде ғана олардың жеке шотына аударылады. Кейін бала өзінің активтерін өзі басқара алады. Материалдық мүмкіндігі шектеулі жанұялардың балалары, жетімдер үйінде тәрбиеленген жастар, толық емес отбасындағы балалар және мүмкіндігі шектеулі балалар үшін бұл – үлкен қолдау. 18 жасқа келгенде олардың қолына тиетін қаражат – тек қаржылай көмек емес, сонымен қатар өмір жолын дербес бастауға берілетін мүмкіндік»,* – деді әлеуметтанушы.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

**ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**

**Ләззат НҰРҒАЛИҚЫЗЫ, экономист:**

### Жүйені әлі де жетілдіру қажет

Ұлттық қорда балалар үшін жиналып жатқан қаражат олардың барлық қажеттілігін толық шешпесе де, маңызды бастапқы капиталға айналуы мүмкін. Бұл жинақ 18 жасқа толғанда тұрғын үйдің алғашқы жарнасының 20–30%-ын өтеуге немесе жоғары оқу орнын бір жыл оқыту құнын жабуға жеткілікті бастапқы қаражат бола алады.

Баланың шотына түсетін табыстың 50%-ы Ұлттық қорда қалып, әрі қарай инвестицияланады. Егер кәмелетке толғаннан кейін қаражат пайдаланылмаса, ол автоматты түрде зейнетақы қорына аударылады. Бұл жүйені әлі де жетілдіру үшін бірнеше реформа қажет. Мәселен, Ұлттық қорда қалатын үлесін 60–70%-ға ұлғайту, сондай-ақ балаларға қаржылық сауаттылықты мектеп бағдарламасына енгізіп, жинақтарды басқаруды үйрету маңызды.

Қаражатты білім мен денсаулыққа ғана емес, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға да бағыттау қажет деп санаймын. Кәсіпкерлікке бастапқы капитал ретінде пайдалануға да рұқсат етілсе, бұл әлеуметтік теңдікті нығайтуға сеп болар еді. Әсіресе, аз қамтылған отбасылардың балалары үшін мұндай мүмкіндік олардың болашақтағы экономикалық әлеуетін айтарлықтай күшейтеді. Әсіресе, аз қамтылған отбасылардың балаларын жағдайы жақсы балалармен теңестіруге, олардың экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал етеді. ЮНИСЕФ сияқты халықаралық есептер көрсеткендей, қаражатты ұтымды инвестициялау арқылы оның көлемін ұлғайту мүмкіндігі бар. Сондықтан жүйені реформалап, балалардың қаржылық болашағына нақты мүмкіндік жасау керек.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

# САПА МЕН ҚАУІПСІЗДІК –

## 2026 жылға басты бағдар

**Оқушылар сарайында қаламыздағы мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамыту мәселелеріне арналған кеңейтілген отырыс өтті. Қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов төрағалық еткен бұл жиында Алматыдағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жай-күйі, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты талқыланды.**

Жиын барысында қалалық Білім басқармасы, Санитарлық бақылау органдары және Төтенше жағдайлар қызметінің жыл бойы атқарған жұмысының есебі тыңдалды. Іс-шара барысында тәрбие жұмысының сапасын арттыру, балабақшалар инфрақұрылымын жақсарту, сондай-ақ ата-аналармен өзара іс-қимыл мәселелері сөз болды. Саланың қазіргі жағдайына талдау жасалып, мектепке дейінгі мекемелерді одан әрі жетілдіру жолындағы басым бағыттар айқындалды.

Балабақша кезегін қысқарту, инфрақұрылымды жаңарту, тәрбиешілер жалақысын арттыру, қауіпсіздік талаптарын қатаңдату сияқты шешімдер Мемлекет басшысының әлеуметтік әділеттілікке, азаматтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған саясатын қолдайды.

Кезекті кеңейтілген отырыста алдағы 2026 жылға арналған стратегиялық шешімдердің іргетасы қаланды. Қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Бибігүл Малғаждарова қаладағы балабақшалардың тыныс-тіршілігіне тоқталып, кеңінен мәлімет берді. Мәселен, дәл қазір Алматыда 1066 мектепке дейінгі мекемеде 84 766 бүлдіршін бар.

Алматыда баспана мәселесіне ұқсас балабақшадан орын алу да үлкен мәселе екені мәлім. Себебі, мегаполистің тұрғындар саны табиғи өсімге қоса қарқынды ішкі миграция негізінде жыл сайын артып отыр. Қалада жас отбасылар саны артқан сайын аталған екі мәселе төңірегіндегі түйткілдер де күрделене түсуде. Дегенмен, соңғы жылдары жүзеге асырылып жатқан пилоттық жоба бұл мәселеде айтарлықтай оң нәтижелер көрсетті. Биылғы 1 шілдеде – 40 мың сәби кезекте тұрса, желтоқсан айының соңында олардың саны 14 636 балаға дейін қысқармақ. Яғни 2–6 жас аралығындағы балалардың қамтылуы – 98 пайызға жеткелі тұр.

Спикердің сөзінше, алдағы 2026 жылға арналған қала бюджетінің қомақты бөлігі де осы саланы дамытуға бағытталып отыр. Мәселен, алдағы жылға 83,3 млрд. теңге қарастырылса, бұл бұрын-соңды болмаған көрсеткіш. Сондықтан бөлінген қаражаттың басым бөлігі ескі ғимараттарды жаңартуға, қауіпсіздік шараларын күшейтуге, педогогтардың біліктілігін арттыруға, ғимараттарды жаңғыртуға, инклюзивті білім беруді қолдауға бағытталуға тиіс. Сондай-ақ, жиында әрбір балаға бөлінетін қаражат – 55 659 теңгеге жеткені де мәлім болды.

**Саладағы басты мәселеге тоқталған Абзал Нүкенұлы:**

*– Балабақша кезегін қысқарту, бұл жоғары нәтиже ме, әлде уақытша шешім бе? Егер ғимараттар ескі болса, тәрбиешілер жетіспесе, санитарлық талаптар орындалмаса, қауіпсіздік жүйесі ескірсе онда кезектің азаюы көп нәтиже бермейді. Сондықтан сапалы әрі қауіпсіз орындардың көбеюі – 2026 жылға қойылған басты міндеттердің бірі болуға тиіс,* – деп атап көрсетті.

Саладағы түйткілді мәселелер де ортаға салынды. Солардың қатарында Алматыдағы мектепке дейінгі ұйымдардың 30–35% кадр жетіспеушілігінен зардап шегіп отырғаны туралы да айтылды. Жүйелі жұмысты тежейтін бұл күрделі проблемаға басты себеп – жалақының аздығы. Мәселен, орташа педагог жалақысы – 182 мың теңге болса, жас маманның жалақысы 140 мың теңге шамасында. Бұл жалақымен Алматыдағы өмір сүру деңгейін салыстыруға келмейді. Оның үстіне бұл болашақ мамандарды ынталандырмайды. Кадр тапшылығынан тәрбиешілердің жүктемесі артып, педогогикалық процестің сапасы төмендейді, эмоциялық шаршау жиілейді, балалар арасындағы келеңсіз жайлардың қайталануы да жиілейді.

Міне, осындай қадау-қадау мәселелерді жүйелі шешу міндеті жиын барысында толық сараланды. Айталық, 2026 жылғы ең басым бағыттардың қатарында педагогтердің еңбегін бағалау, жалақыны кезең-кезеңімен көтеру және кадр даярлау жүйесін жаңарту екені де айтылды.

Жиында қалалық ТЖД өкілі сөз алып, өрт қауіпсіздігі бойынша 144 балабақшадағы 2000 бұзушылық анықталғанын баяндады. Аталған департамент тексерісі кезінде дабыл жүйесінің істен шығуы, эвакуация жолдарының жабылуы, өртке қарсы су жүйесінің ескіруі, персоналдың дайындықсыздығы сынды мәселелер кездескен. Осыған қатысты әкімшілік айыппұл сомасы 6,6 млн. теңгені құраған.

– Айыппұл мәселені шешпейді, балалардың өміріне қауіп төндіретін жүйені түбегейлі жаңарту қажет, – деген Абзал Нүкенов жиын қорытындысында салаға заманауи жаңарту енгізу қажеттілігін баса белгіледі. Осы бағытта сапаны бақылауды күшейту, кадр тапшылығын шешу, инфрақұрылымдық жоспарларды толық орындау, ведомствоаралық өзара іс-қимылды арттыру, балаларды қабылдау процесін ашық ету, қауіпсіздік талаптарын біріктіру және қатаңдату сынды міндеттер қалалық Білім басқармасы мен тиісті мекемелерге жүктелді.

# «АЛМАТЫ МЕКТЕПТЕРІ»

## Британдық оқу жүйесін енгізудің тиімді тетіктері талқыланды

**Алатау ауданындағы №209 мектеп-гимназия өкілдері 2023 жылдың қараша айында «Алматы мектептері» жобасы аясында Ұлыбритания еліндегі мектептер мен мектепке дейінгі ұйым басшыларына арналған біліктілікті арттыру курсына қатысқан еді. Қазіргі таңда аталмыш мектепте Ұлыбританияның білім беру жүйесіндегі әдістер кезең-кезеңімен енгізіліп жатыр.**

Мектеп шаңырағында қалалық білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтарының қатысуымен өткен «Мектептерге озық өзгерістерді енгізу үшін Ұлыбританияның оқу жүйесін пайдалана отырып мектепті дамыту жоспары» атты қалалық семинар барысында қазақстандық білім беруді жаңғырту, халықаралық үздік тәжірибелерді жергілікті жүйеге ықпалдастыру мәселесі тақырыпқа арқау болды. Ұлыбританияның білім беру жүйесінің тиімді әдістерін талдау және оларды қала мектептерінің даму стратегиясына енгізудің нақты жолдарын көрсетуді мақсат еткен семинар өте қызықты өтті. Алдымен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Назира Жампейісова сөз алып, мектептің даму жоспарымен таныстырды.




Суреті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Семинар барысында №209 мектеп-гимназияның ұжымы озық тәжірибені енгізу бойынша әзірлеген нақты жоспарларын ұсынды. Семинардың негізгі баяндамашысы, №209 мектеп-гимназия директорының ғылыми ісі жөніндегі орынбасары Қалбинур Амутова Ұлыбритания тәжірибесіне негізделген $CLIL$ (пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту) әдістемесін енгізу жолдарын егжей-тегжейлі түсіндіріп, бағалаудың жаңа қағидаттары бойынша нақты мысалдар келтірді.

Сонымен қатар, ұсынылған жаңа әдістемелерге қатысты №209 мектеп-гимназияның пән мұғалімдері Асқар Жұмағұлов шәкіртімен бірге «STEM бағытында әуе ұшу құрылғыларын оқушылармен құрастыру» атты тәжірибесін ұсынды.

**Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.**

**ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**

**Гүлшат МОЛДАБАЕВА, №209 мектеп-гимназия директоры:**

– Әлемдік рейтингтерде (мысалы, PISA) жоғары нәтиже көрсететін Ұлыбританияның оқу жүйесі – бұл жай ғана оқу бағдарламасы емес. Бұл – оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған кешенді тәсіл. Біздің міндетіміз – осы тәсілді қазақстандық білім беру контентімен үйлестіру.

**ТҮЙІН: Алатау ауданындағы №209 мектеп-гимназия базасында өткен семинар – Президент жариялаған «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасына сай білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған нақты қадамдардың бірі. Ұлыбританияның тиімді оқу әдістерін қазақстандық мазмұнмен ұштастыру арқылы мектеп ұжымы заманауи, сыни ойлайтын, жауапкершілігі жоғары «Адал азаматты» қалыптастыруға үлес қосуда. Қалалық деңгейде мектеп директорлары мен педагогтердің басын қосқан бұл алаң «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасына сай, білім саласындағы шешімдерді бірлесе талқылап, жергілікті бастамаларды қолдаудың үлгісін көрсетті.**

ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА – 100

# Шығыстың шынары




**Туған елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін күзеткен, соның жолында жанын берген жанпоздардың есімін ел ұмытпақ емес. Биыл халқымыздың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толды. Отан үшін от кешіп, қызғалдақ ғұмыры қысқа қайырылған қазақ қызының есімі де ел есінде. Оның көрсеткен ерлігі мен өрлігі тарихтан–тарихқа жалғасып, жаңғырып жатыр.**

Рая ЕСКЕНДІР

Биыл батыр қыздың ерлікпен қаза тапқанына 14 қаңтарда 80 жыл толса, мамырдың 9-ы күні Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өттік. Еліміздің түкпір-түкпірінде Әлияны еске алуға арналған шаралар өтіп, оның есімін жас ұрпақтың жадына тағы бір жаңғыртылды. Мерейтой құрметіне Астанада Әлия Молдағұловаға арналған ескерткіш те ашылды. Батыр қыздың мерейтойы республикалық салтанатты шаралар тізіміне енгізіліп, «100 жылдыққа – 100 шара» атты жоспар бекітілген болатын. Туған жерінен бастау алған бұл мерекелік шаралар бүкіл қазақ даласын шарлады. Әлия Молдағұлова атындағы мемориалдық музейге жөндеу жұмысы жүргізіліп, өміріне қатысты естеліктермен, басқа да құжаттармен толықты. Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы батыр қыздың аты берілген ауылда «Әлия» патриоттық орталығы мен ауылдық клубы, «Әлия» патриоттық тәрбие беру орталықтары құрылып, жұмыстары жанданды.

Алматы қаласы да батыр қыздың ғасырлық мерейтойына айырықша леп қосты. Әлия мен Мәншүк скверi қайта жөндеуден өткеннен кейін тіпті де құлпырып, батырлық пен сұлулықтың қатар өрілген үлгісі болып тұрғындардың жайлы ортасына айналды. Ал еліміздің барлық өңірінде «Әлия оқулары» өткізілді.

Қазақтың қайсар қызының есімі елімізде ғана емес, Петербор қаласында да ұлықталды. Айталық, Петербордың Красногвардейск ауданындағы батыр Әлия оқыған №46 балалар үйі орналасқан көше қазір «Әлия Молдағұлова көшесі» аталады. Сонымен бірге, Әлияның қызғалдақтай қысқа ғұмыры, жасындай жарқ еткен жастық шағы ресейлік режиссерлердің шығармасына арқау болып, «Әлия» атты көркемсуретті фильм түсірілу үстінде.

Әлияны әнге, жырға қоспаған жан кемде-кем. Мәселен, Абай атындағы опера және балет театрының репертуарындағы «Әлия» балеті, қырғыз режиссері Б.Шәмшиевтің «Мергендер» фильмі, С.Бәйтерековтің «Әлия» әні батыр рухына қойылған мәңгілік ескерткіш іспетті. Биыл да 100 жылдық аясында Қазақстан мектептері мен Санкт-Петербордағы Әлия оқыған №140 мектепте «Сен бізбен біргесің, Әлия!» атты телекөпір мен ерлік сабақтары өтті.

Әлия Молдағұлова 1925 жылдың 25 қазанда Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында Нұрмұхаммед Сарқұлов пен Маржан Молдағұлова отбасында дүниеге келген. Жастайынан анасынан айырылған Әлияның әкесі де дұшпан қолынан қаза табады. Ата-анасынан ерте айырылған Әлия нағашы ағасының тәрбиесінде болып, соның тегін алған. Тарих бетінде де ол Әлия Молдағұлова деген атпен қалды. Осыдан кейін Әлия Алматыда тұратын туысқан ағасының қолында тұра бастайды.

Ал 1935 жылы Ленинградқа аттанып, сондағы Красногвардейский ауданы, Гурдин көшесіндегі №46-шы балалар үйіне орналасады. Ол осы қаладағы №9 орта мектебінде оқыған. Туған топырағынан жастай ажырап, ерте есейген Әлияның балалық шағы, есейген уақыты туралы деректер мұрағатта көп емес.

**Дегенмен, Тараз қаласында тұратын «Алматы ақшамының» тұрақты оқырманы Майдан Орынбаев редакциямызға тың ақпарат ұсынып отыр.**

ОҚЫРМАН АЛАҢЫ

**Майдан ОРЫНБАЕВ, Тараз тұрғыны:**

## Әлия Тараз қаласында оқыған

*Балалық шағында Әлияны анасы «Ақ моншағым» деп атаған екен. Әлияның анасы Маржан күзгі егістіктен қалған масақты теріп жүргенде күзетшінің оғынан қайтыс болады. Әкесі сол кездегі ауыр жағдайда қалған қызын нағашыларының тәрбиесіне беруге мәжбүр болады. Әлияға нағашы ағасы Әбубәкір өз фамилиясын беріп, қамқорына алады. Жастайынан бірбеткей әрі өжет Әлияның өмірі осылайша туысы Сапурамен бірге өтеді. Әбубәкір Молдағұлов әскери-темір жол саласында жұмыс істеген. Кейін жұмыс барысында Алматыда да еңбек етіп, уақыт өте Әулие ата, қазіргі Тараз қаласында Түркістан-Сібір темір жолына қарасты 3-ші пайдалану мекемесінің саяси бөлімінде нұсқаушы қызметін атқарған. Сол кезде Әлия көне қаланың темір жол бекеті маңындағы мектепте оқиды. 1935 жылы Әбубәкір Молдағұлов Мәскеу қаласындағы әскери-көлік Академиясына оқуға түсіп, Кеңес Одағының бас қаласына отбасымен көшіп кетеді. Ал Әлия мен Сапура бірге кетіп, екеуі де Академия тыңдаушыларының балаларына арналған №48 мектепте оқыған.*

*Тараздағы Әлия оқыған мектептің қабырғасы Ұлы Отан соғысына дейін қалանғандықтан, қазіргі кезде ол ғимарат сақталмаған. Көне қалада Әлия атындағы көше, мектеп бар. Ал 2006 жылы батыр қызға арналған ескерткіш қаладағы №11 мектептің ауласына орнатылды. Ескерткіштің авторы – архитектор Серік Ережепұлы Әлібаев, скульпторы – К.Темірхан.*

ҚАУІП ҚАЙДАН?

# ЖҮРГІЗУШІ, ЖОЛҒА ҚАРА!

**Алматының жолдарында бір тыным жоқ. Күндіз де, түнде де кептеліс, асығыс таксилер, сан бағытқа сабылысқан жүргізушілер... Байқап қарасақ, адамдардың телефонға деген тәуелділігі сонша, көлік тізгіншілері де қолынан телефонын тастамайтын болған.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ


Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Жол жүру ережесі бұған тыйым салғанымен, навигатор жүйелері жүргізушіні ауық-ауық телефонға қарауға мажбүр етеді. Жасырары жоқ, ішпыстырарлық кептелістерде жүргізушілердің көбі телефоннан алданыш іздеп жататыны бар. Тіпті, әлеуметтік желінің видео шеруіне кіріп кеткен кей жүргізушілер өзінің қозғалыс жолағындағы көлік ағынына кедергі келтіріп тұратынын да жиі көреміз.

Иә, технологияның дамуы біздің өмірімізге жеңілдік әкелді. Бірақ сонымен бірге жаңа тәуекелге толы жағдай туғызды. Қазір рульде отырып хабарлама жазу, әлеуметтік желіні қарау, тіпті кино көру – бүгінгі күннің «әдетіне» айналып барады. Ал оның соңы қайғылы жағдаймен аяқталып жатқанын статистика анық көрсетеді. Алматы қаласы Полиция департаментінің дерегінше, жыл басынан бері қалада 6383 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 61 адам көз жұмған, 7441 адам жарақат алған. Бұл цифрлар кейбіріміз үшін жай ғана статистикалық көрсеткіш болып көрінер, ал бірақ мұндағы әрбір санның артында әр отбасы үшін орны толмас қайғы жатыр.

Мысалды алыстан іздемей-ақ қояйын. Бірде кешкілік уақытта «Саяхат» маңынан таксиге міндім. Көлікте – төрт жолаушымыз, көлік Құлжа тас жолының бойымен келеді. Әлден уақытта көлік бір тоқтап, бір қозғалып, күмәнді баяу жүре бастады. Жүргізушіге қарасам, телефонын рөлдің алдына қойып алып, кино көріп келеді екен. Шошып кеттім де: «Інім, телефоныңды таста да, жолға қара! Бәріміздің үйімізде күтіп отырған бала-шағамыз бар» деп қаталдау дауыспен ескерттім. Жүргізуші сол кезде ғана селк етіп, есін жиғандай болды. Осындай жағдайлар күн сайын болып жатыр, тек көпшілігі байқалмай қалады.

Алматы көшелерінде тәртіпті бақылайтын «Сергек» жүйесі жылдамдықты, жолақтан шығуды анықтайды, бірақ ол жүргізушінің телефонға үңіліп отырғанын көрмейді. Сол себепті, жолдағы бір секундтық алаңдаушылық орны толмас қайғылы апатқа себеп болуы мүмкін. Көліктердің бір-бірін қысып, бос кеңістікке таласып, жүйкені тоздыратын «қисық» кептелістер де дәл осы зейінсіздіктің салдарынан туындайды.

Күні кеше (3 желтоқсанда) түнгі 00.40-та Алатау ауданында жедел жәрдем көлігі мен «Кіа» автокөлігі соқтығысып, екі тараптан да адамдар зардап шекті. Өкінішке қарай, жедел жәрдем бригадасының 23 жастағы фельдшері алған жарақатынан бірнеше сағаттан соң көз жұмды. Артында екі қызы қалғаны әлеуметтік желілерде айтылды. Жедел жәрдемнің қатты соққыдан кейін аударылып кеткен сәті бейнежазбада анық көрінеді. Бұл – бәріміз үшін ауыр, бірақ ойлануға міндеттейтін жағдай. Бір бұрылыс, бір қателік – бір отбасының тағдырын өзгертеді.

Осындай оқиғалардың жиілеп кеткені рөлде телефон қолдануға бақылауды күшейту қажеттігін көрсетеді. Бұл бағыттағы бақылау жұмыстары әлбетте МАИ қызметкерлерінің қызметіне сүйенеді. Бірақ қоғамдық көлік немесе таксилерде де жүргізушінің телефон ұстап отырғанын көрген жолаушылар да үнсіз қалмауы керек. Ескертіңіз, қажет болса, дәлел ретінде фотоға түсіріңіз, көлік нөмірін жазып алыңыз. Бұл – біреуді жазалау емес, адам өмірін қорғау, «Заң мен тәртіп» салтанат құратын қоғамға қосқан үлесіңіз болар еді.

**Көлік тізгінінде отырып телефонға үңілу – бұл қазіргі таңдағы қоғамдық қауіп. Өйткені, жүргізуші өзінің ғана емес, қасындағы жолаушының, көшедегі адамның, қарсы бағыттағы көліктің өміріне жауапты. Жол – қателікті кешірмейді. Сондықтан қарапайым ереже әрқайсымыздың санамызда тұруы керек. Ендеше, «Жүргізуші, телефонға емес, жолға қара». Адамның қымбатты өмірі бір-ақ рет беріледі.**

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

**Алматы қалалық Кардиологиялық орталығында эндоваскулярлық араласулар барысында қолданылатын тамырішілік ультрадыбыстық зерттеу (IVUS) технологиясына арналған «шеберлік сабағы» өтті.**

# IVUS ТЕХНОЛОГИЯСЫ

## мегаполис медицинасында қолданыла бастады

IVUS – коронарлық артериялардың жағдайын егжей-тегжейлі бағалауға мүмкіндік беретін, тамыр қабырғасын визуализациялаудың заманауи әрі жоғары ақпаратты әдісі. Технология морфологиялық өзгерістерді дәлірек анықтауға, стенттеу стратегиясын оңтайландыруға, стенттің орналасуын бақылауға және асқынулар қаупін төмендетуге көмектеседі.

«Шеберлік сабағында» соңғы буындағы, внутрисосудистік ультрадыбыстық зерттеулер жүргізуге арналған жаңа жабдықтың жұмысы таныстырылды. Тың жүйені қытайлық компания жасап шығарған және ТМД елдерінде алғаш рет орнатылып отыр. Компанияның технологиясы тұңғыш рет Алматының Кардиологиялық орталығының клиникалық тәжірибесінде қолданылатын болады. Бұл еліміздегі жоғары технологиялық кардиологиялық көмектің дамуындағы маңызды қадам болды.

«Шеберлік сабағына» Алматы қаласы, Алматы және Қостанай облыстарының жетекші медициналық ұйымдарының кардиологтары, интервенциялық хирургтар және рентгенэндоваскулярлық диагностика мамандары қатысты.

Бағдарлама барысында қатысушылар IVUS жүйесінің техникалық мүмкіндігімен танысып, оны дайындау және пайдалану бойынша оқудан өтті, сондай-ақ технологияның жоспарлы операция кезіндегі процесіне куә болды.

# «МЕН СЕНІ СҮЙЕМ, ӨМІР!»

## Алматыда зағип әншілер өмірге махаббатын әнмен жеткізді

**Ерекше бір жылулыққа толы, жүректерге күш-қуат сыйлаған мәдени іс-шара өтті. «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалы және Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Мен сені сүйем, Өмір!» атты қалалық ән байқауы – мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мерекелік концерт қана емес, өмірге деген құштарлықтың, рухани күштің, адам жанындағы шексіз мүмкіндіктің айқын көрінісі болды.**



(Сурет: автор).

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Биылғы байқау «Халықаралық мүгедектер күні» мен «Халықаралық көз мүгедектері күніне» орай ұйымдастырылды. Мақсат – зағип және нашар көретін жандарға өз өнерін көрсетуге мүмкіндік беру, қоғам назарын олар жасай алатын істерге бұру, сондай-ақ инклюзивті мәдениетті дамыту. Өнер – олар үшін тек хобби емес, өмірдің өзі. Іс-шара басталмай жатып-ақ зал ішінде ерекше толқу сезілді. Жиналған қонақтар мен қала тұрғындары сахнаға шығады деп күтілген өнерпаздардың қуанышын бөлісуге асыққандай. Ал сахна сыртында өз кезегін күтіп тұрған қатысушылардың жүзінде қобалжу да, сенім де, дайындықтың нық ізі де байқалды.

Көпшілігі музыкаға бала күнінен әуестенген. Бірі – гитарамен ән орындады, бірі – эстрадалық бағытта, енді бірі – классикалық шығармаларды шеберлікпен жеткізді. Бұл жандардың өнерін тамашалап, қолдау көрсетуге танымал өнер иелері де келді. Айжан Нұрмағамбетова мен Бек Оралбеков қазылар алқасы ретінде әділ бағасын беріп, жеңімпаздарға сыйлықтарды табыстады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар қатысушыларға ғана емес, қоғамның өзіне де ауадай қажет.

«Біздің мақсат – зағип жандарды аяу емес, олардың мүмкіндігін көрсету. Олар бізден әлдеқайда жігерлі, қайсар. Сондықтан мұндай іс-шараларды тұрақты түрде өткізуді қолға алып келеміз. Келесі жылы осы байқауды филиалдар арасында кеңейтіп, республикалық деңгейге шығаруды жоспарлап отырмыз. Алдыңғы жылы да дәл осы іс-шара өткен болатын. Сол кезде бас жүлде алған қатысушылларды биыл қайта қоспауды жөн көрдік. Бүгін 13 қатысушы өнер көрсетеді. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар табысталады. Бас жүлде – 200 000 теңге, бірінші орын – 150 000 теңге, екінші орын – әрқайсысына 100 000 теңгеден екі жеңімпазға, ал үшінші орын – үш қатысушыға 50 000 теңгеден беріледі», – дейді «Қазақ зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің филиал басшысы Алтынай Қоңыратбайқызы.

Байқау барысында әрбір қатысушы өз құлшынысы мен жан дүниесін жүрек тербейтін әндер арқылы көрсетті. Бірі – ата-анасына алғыс арнады, бірі – туған жерді жырлады, енді бірі – өмірді өз көздерімен көруді аңсайтындарын өздерінің авторлық әндерімен жеткізді. Байқаудың атауы кездейсоқ қойылмаған. «Мен сені сүйем, Өмір!» – бұл зағип жандардың өмірге деген ұстанымы іспетті. Олар үшін өмір – күрделі, кедергілерге толы, бірақ сонымен бірге әсем әуенге толы, шексіз мүмкіндік әлемі.

СӘТТІ КӨМЕК



**№4 қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөлімінe иығы мен шынтақ сүйегі сынған 78 жастағы пациент келіп түсті.**

# ДӘРІГЕРГЕ ДӘН РИЗА

## 78 жастағы әжеге шұғыл ота жасалды

Жарақаттың сипаты мен консервативті емдеу кезіндегі жоғары асқыну қаупін ескере отырып, қабылдау бөлімінің меңгерушісі, травматолог Магадин Хайроев анестезиологтар тобымен бірге шұғыл түрде ота жасау қажеттігі туралы шешім қабылдады. Ота сәтті өтіп, бүгінде әжей үйіне шығуға дайындалып жатыр.

Пациент Людмила Битюкованың немересінің айтуынша, әжесі үй шаруасы кезінде қолын сындырып алған. Бұған дейін де бірнеше рет сүйегі сынған екен, алайда жасы келген әйел отаның қажеттігіне күмәнданып, қайта жасалатын наркоздан қауіптенген болып шықты. Бірнеше күн бойы консервативті ем жүргізілген. Бірақ науқастың қолының жағдайы нашарлай бастаған – ісік ұлғайып, ауырсынуы басылмаған.

«Дәрігер бәрін бірден өте сауатты түсіндірді: мұндай сынықтар оның жасында дұрыс бітпейді, ал айлар бойы гипспен жүру – үлкен кісіге тек қана азап. 15 минуттық әңгімеден кейін әжем еш күмәнсіз отаға келісті. Біз тез дайындықтан өттік, көрсеткіштері жақсы болды, ота да жақсы өтті. Дәрігердің кәсібилігі мен пациентпен сөйлесе білу қабілеті үшін шын жүректен алғыс білдіреміз. Бұл дәрігерді міндетті түрде Алматының ең жақсы мамандарының тізіміне қосамын», – дейді кейуананың немересі.

КОНФЕРЕНЦИЯ

# «ZDRAVEXPERT» –

## пациент пен дәрігер құқығын қорғайтын платформа

**Алматыда медицина мен сот ісінің ортақ қызметін талқылаған алғашқы халықаралық конференция өтті. Оны «ZdravAtameken» денсаулық сақтау субъектілерінің ассоциациясы мен Қазақ ұлттық медицина университетінің Жалпы медицина мектебі бірлесіп ұйымдастырды. Конференция «Тәуелсіз медициналық және сот сараптамасы: халықаралық стандарттар, тәжірибе және өзара іс-қимыл» атты тақырыпты көтерді.**

Алқалы жиынға «ZdravExpert» тәуелсіз сарапшылар қауымдастығы, Ұлттық медициналық қауымдастық, «ZdravAtameken» азаматтық қорғау және денсаулық сақтау ұлттық орталығы қолдау көрсетті.

Конференция жұмысына құқық қорғау органдарының өкілдері, заңгерлер, сот-медициналық сарапшылар, криминалистер, оқытушы патологоанатомдар, профессор-адвокаттар, медициналық жоғары оқу орындарының құрамы, практик дәрігерлер, клиникалық фармакологтар, сондай-ақ Болгария, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстанның сала мамандары қатысты. Басқосуға еліміздің өзге өңірлерінен де сарапшылар онлайн қосылып отырды.

«Біздің мақсат – түрлі мемлекеттің беделді дәрігерлері мен сарапшыларының күшін біріктіріп, азаматтардың сапалы медициналық көмек алудағы құқығын қорғау, сондай-ақ тәуелсіз халықаралық сарапшылар тізілімін қалыптастыратын, осы жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі құжаттарды әзірлейтін ұйымдастырушылық платформа құру. Бұл бастаманы Халықаралық медициналық қауымдастық биылғы қыркүйекте Болгарияда өткен ірі халықаралық конференцияда қолдаған болатын», – дейді «ZdravExpert» халықаралық медициналық этика және құқық комитетінің төрағасы Айжан Садықова.

Басқосуда жаңа комитет қызметінің мақсат-мүддесі, ұстанамы, өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, сот-медициналық сараптама жүргізу процестерін оңтайландыру тетіктері ұсынылды. Сөз алған спикерлер пациенттердің құқығы тапталған жағдайда тәуелсіз медициналық және заңдық көмек алу мүмкіндігі мүлдем жоқтығы айтылды. Медицина кадрларының әлеуметтік тұрғыда қорғалмауы, кейбір медпрепараттардың сапасыздығы, тіпті керекті дәрі-дәрмектің, заманауи аппараттардың болмауы да пациентке сапалы һәм сауатты қызмет көрсетуге қолбайлау болатынын да тілге тиек етті. Спикерлер тарапынан тұрғындардың да өз денсаулығы үшін жеке жауапкершілігін сезіну тұрғысындағы сауаты төмендеу деген пікірлер де қозғалды.

МАМАН МІНБЕРІ

